

Е. М. Баймұханов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада патриотизм мәселесі кеңінен талқыланады, әсіресе соғыс кезіндегі отансүйгіштік мәселелері мен отанына деген адал қызметке ерекше мән беріледі.

Түйін сөздер: патриотизм, отансүйгіштік, ұлтжандылық, қазақстандық.

Қазіргі жағдайда патриотизм жаңа сипатқа ие болды, өйткені Қазақстанда бірнеше ұлт өкілдері өмір сүріп, «Қазақстан» деген мемлекетке бірікті. Міне, осы барлық ұлт өкілдерінде Қазақстандық отансүйгіштік сезімді қалыптастыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Елін сүю — әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Ешкімді де елін, Отанын зорлықпен, күштеп не үгіттеп, алдап-арбап сүйгізе алмайсың. Бұл сезім ананың сүтімен бірге келмейді, ол адам өсе, есейе келе өз ақылы өзіне жетіп, өз басымен тіршілік ете бастағанда адамзаттың бойында біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім. Ә. Қалмырзаевтың сөзімен айтсақ: «Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәметке келгенде біржолата буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық социологиялық институттардың әсерімен қалыптасады»¹. Сондықтан да, жас ұрпақты отанды қастерлеу мен ардақтауға, халқының мүдде мақсатын қорғай білуге тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың бүкіл күш жігері елде саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтай отырып, әлеуметтік саяси мәселелерді байыппен шешуге бағытталған. Мұның көптеген нәтижелерін көріп те отырмыз. Дегенмен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың сана-сезімін қалтқысыз қамтитын патриотизм, ел бірлігі, мемлекеттік тілді құрметтеу идеясы қалыптасуы қажет. Ол үшін Қазақстандағы барлық ұлт отанды сезінуі керек. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі Қазақстан Республикасының өсіп өркендеуінің бірден-бір кепілі екендігін ескеріп, жастар ана тілімізді арындай сақтауға және оның кең өріс алуына атсалысуы қажет. Бұл қазіргі таңдағы үлкен проблема деп айтуымызға болады. Себебі басқа ұлт өкілдерін былай қойғанда, қазақ баласының бойынан осы дәстүрлі құндылық деп аталатын ұлы қасиеттер көше бастады. Оған – шектен шыққан батыстық еркіндік пен түрлі идеологиялық ағымдардың үлкен ықпалы себепкер болды деп айтсақ қателеспеспіз. Мұндай адам — мемлекетті ұстап тұрған күллі ұстанымдарды жоққа шығарады. Ондайға жол бермеу үшін ұлт өзінің құндылықтарын, адамгершілік қағидаларын сақтауға тиіс. Белгілі бір ұлттың ғасырлардан бері қалыптасқан өмір қағидаларынан тыс, өз бетімше жол табамын деу орынсыз. Көптеген педагог, ақын-жазушылардың, философиялық, әдістемелік т. б. материалдарына сүйенеміз. Мысалы, адамның жеке психологиясының әскери қызметтегі маңызын аша келіп, Б. Момышұлы: «Патриотизм — Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екендігі мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, жеке адамның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасы барлық жағынан біріктіреді» деп терең әрі жан-жақты аңықтама береді². Б. Момышұлы айтқан отырған белгілердің педагогикалық негізі – тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру; мінез-құлқына патриоттық сипат беру мектептегі оқу-тәрбие ісінің өзегі болуы керек. Бұл, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнынан бастау алып, сабақтан тыс тәрбиелік жұмыстарда жалғасын табуы тиіс. Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне

Қазақстан Республикасындағы ұлттаралық қатынастардың ерекшеліктері

байланысты болатының есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, сол арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткенін тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсінуі керек» екені айтылған³.

Тәрбиеленушілердің бойында қазақстандық патриотизмін, отаншылдығын қалыптастыруда қоғамдық бағыттағы пәндердің алатын орны өте зор. Бұған әсіресе тарих пәнінің қосар үлесі зор, өйткені аталмыш пәннің негізгі мақсаттарының бірі және бірегейі жас ұрпақты отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу болып табылады. Сонымен қатар сабақтан тыс өткізілетін іс-шаралар да патриоттық сезімді оятуға себін тигізеді.

Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату жастардың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тарихи өткен жолы мен бұран бұлтарысы көп болмыс-білімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсуіне әсерлі ықпал етуімен қатар, бұл сапалы нәтижеге айналады.

Ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т. б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтын сыйлау, оның заңдарына бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру – қазақстандық патриотизмнің белгілері.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается развитие патриотического воспитания молодежи РК.

RESUME

In the given article the author shows the interaction between state young politics and Mass Media.

¹ Қазақстан – 2050 даму стратегиясы. — Алматы, 2013.

² Қайыпов С. А. Қазақстандағы ұлтбіршіліктің кейбір бағыттары // Ақиқат. — 1999. — № 3.

³ Рымбаев П. Е. Қазақстандағы ұлттардың қатынасы. — Алматы, 2000.